

# **Дәріс 3. 2ТЭ10МК/ВК сериялы жаңартылған тепловоздарға Сервистік қызмет көрсету орталықтары**

**Мазмұны:** 2ТЭ10МК тепловозы (7FDL12) сериялы) 12-цилиндрлі V-тәрізді дизельді қозғалтқышпен жабдықталған және реттелетін жиілігі бар үшфазалы айнымалы токты асинхронды тартым моторларымен қозғалысқа келеді.

## **2ТЭ10МК/ВК сериялы жаңартылған тепловоздарға Сервистік қызмет көрсету орталықтары**

2ТЭ10МК/ВК тепловоздарына сервистік қызмет көрсетуді жүргізу үшін Ақтөбе, Мақат, Шалқар ст. бойынша локомотивтерге жөндеу жүргізетін кәсіпорын базасында Негізгі Сервистік орталықтар құрылды және қосалқы сервистік орталықтар ретінде Орал, Қызылорда, Маңғыстау ст. бойынша локомотивтерге жөндеу жүргізетін кәсіпорындар жұмылдырылды, ал ТЭ33А сериясындағы «Эволюшн» жаңа тепловозына қызмет көрсету үшін Аякөз, Алматы, Сексеуіл ст. бойынша сервистік орталықтар ұйымдастырылды.

Алғашқы Сервистік қызмет көрсету жүйесін енгізу тәжірибесінен кейін өзге де тәжірибелердің келетіні заңдылық - 1.10.12ж. бастап «Alstom» компаниясының (Франция) қатысуымен KZ-4A сериясындағы электровоздарға Сервистік қызмет көрсету енгізілді.

Алғашқы Сервистік қызмет көрсету жүйесін енгізу тәжірибесінен кейін өзге де тәжірибелердің келетіні заңдылық - 1.10.12ж. бастап «Alstom» компаниясының (Франция) қатысуымен KZ-4A сериясындағы электровоздарға Сервистік қызмет көрсету енгізілді.

# 2ТЭ10МК



Техническая характеристика

Род службы – грузовой.

Дизель типа 7FDL:

7 – отделение механики.

F – диаметр цилиндров.

D – дизельный двигатель.

L – для тепловозов.

Число цилиндров – 12.

Рабочий цикл – 4 тактный.

Запасы:

Топлива – 7300л

Масла – 1254л

Воды – 1200л

Песка – 910кг

Тяговый генератор:

Тип – 5СТА 11 С1

Мощность – 2600квт

Ток – переменный

Наибольший ток, А – 6400

Напряжение наибольший, В – 700

**СО (СҚ) - 2 ЖЫЛ** – 12 айда (бір жыл) бір көрсетілетін Сервистік қызмет Негізгі және Қосалқы Сервис орталықтарында немесе тараптармен жазбаша келісілген басқа да жөндеу базаларында өткізіледі.

**СО (СҚ) - 2 ЖЫЛ** жүзеге асыруда СО (СҚ) қарастырылған жұмыстардан басқа қосымша қауіпсіздік құралдары бойынша регламенттелген жұмыстар орындалады. Атап айтсақ:

- А және Б секциялары тежегіш цилиндрлерінің ревизиясы;
- А және Б секциялары СА-3 автоілінісу құрылғыларын ауыстыру;
- жөндеуден өткен А және Б секцияларының жұтқыш аппараттарын ауыстыру,
- А және Б секциялары ауа бөлгіштің магистральды бөлігін ауыстыру;
- А және Б секциялары 304 реле мен 418 датчигін ауыстыру.

**СҚ-3** – тепловоз астынан дөңгелетіп шығармай дөңгелек жұптарын жұмырлауға арналған. СҚ-1, СҚ-2 және СҚ-2 Жыл СҚ-3-пен қатар қолданыла алады.

**СК-4** - 2 жыл мерзімімен көрсетілетін Сервистік қызмет тараптармен жазбаша келісілген Негізгі Сервис орталықтарында өткізіледі. 2 жылда бір көрсетілетін осы Сервисте жаңартылмаған бөліктер – дөңгелектерді шығара отырып, экипаж бөлігі, тепловозды ағыту және стендтерде сынаумен электр аппараттары, авто ілінісу және авто тежегіш жабдығында. «Дженерал Электрик» компаниясы нұсқаулықтары сәйкес ДГҚ реостатты сынақ өткізіледі.



СҚ-5 - 4 жылда бір рет көрсетілетін Сервистік қызмет Тараптармен жазбаша келісілген Негізгі Сервис орталықтарында өткізіледі және жаңартылмаған бөліктер мен жаңартылған бөліктер бойынша СҚ- 4 пен қарастырылған барлық жұмыстарды қамтиды.

**СК-6** - 7-8 жыл мерзімімен өткізілетін Сервистік қызмет Тараптармен жазбаша келісілген Негізгі Сервис орталықтарында өткізіледі және жаңартылмаған бөліктер торабын – дөңгелектерді шығарумен экипажды бөлікте, тепловозды ағыту және стендтерде сынаумен электр аппараттары, авто ілінісу және авто тежегіш жабдығында.

Астаналық тепловоз құрастыру зауытынан шығарылатын ТЭ33А тепловозы екі кабиналы бір секциялы түрде шығарылады. Тепловоздың алдыңғы бөлігін № 1(А) кабинасы, ал артқы бөлігін № 2 (В) деп атау қабылданған. Машинист кабинасы локомотивтің № 1 бөлігінде машинист пен оның көмекшісінің жұмыс орындары бар негізгі кабина болып саналады, ал машинист кабинасы № 2 бөлігінде көмекші немесе екінші кабина болып саналады. Машинист кез келген кабинада басқаруды жүзеге асыра алады. Егер № 1 кабина жағынан қарағанда, онда локомотивтің А бөлігі оң жақ бөлік болып, ал В бөлігі локомотивтің сол жақ бөлігі болып саналады.